

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 және "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1194 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысында:

1-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев;"

1-тармақтың 5) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі Мақсат Қайыржанұлы Қалиақпаров;"

2) "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1194 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестіруші болып Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев тағайындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов